

**Ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік мекеменің көрсетілетін қызметтерді өткізуі бойынша ақылы қызмет түрлерін жүзеге асыру, оның көрсетілетін қызметтерді өткізуінен түскен, өз иелігінде қалатын ақшаны пайдалану қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 136 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде 2025 жылғы 30 сәуірде № 36061 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 102-бабының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік мекеменің көрсетілетін қызметтерді өткізуі бойынша ақылы қызмет түрлерін жүзеге асыру, оның көрсетілетін қызметтерді өткізуінен түскен, өз иелігінде қалатын ақшаны пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік мекеменің көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсету және оның көрсетілетін қызметтерді өткізуден түскен ақшаны жұмсау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 4-6/181 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10618 болып тіркелген);

2) "Ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік мекеменің көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін көрсету және оның көрсетілетін қызметтерді өткізуден түскен ақшаны жұмсау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 4-6/181 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 455 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19835 болып тіркелген).

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Эділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданыска енгізіледі және 2025 жылғы 1 шілдеге дейін қолданылады.

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
міндетін атқарушы

A. Султанов

"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің міндетін атқарушы  
2025 жылғы 30 сәуірдегі  
№ 136 бұйрығымен  
бекітілген

**Ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік мекеменің көрсетілетін қызметтерді өткізуі бойынша ақылы қызмет түрлерін жүзеге асыру, оның көрсетілетін қызметтерді өткізуінен түскен, өз иелігінде қалатын ақшаны пайдалану қағидалары**

1. Осы Ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік мекеменің көрсетілетін қызметтерді өткізуі бойынша ақылы қызмет түрлерін жүзеге асыру, оның көрсетілетін қызметтерді өткізуінен түскен, өз иелігінде қалатын ақшаны пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 102-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді және ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік мекеменің көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша ақылы қызмет түрлерін жүзеге асыру, оның көрсетілетін қызметтерді өткізуінен түскен, өз иелігінде қалатын ақшаны пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік мекеме (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) ақылы негізде мынадай көрсетілетін қызметтерді жүзеге асырады:

- 1) топыраққа агрохимиялық зерттеп-қарау жұмыстарын жүргізу;
- 2) өсімдік шаруашылығы өнімінің және оны қайта өнделген өнімдерінің сапасын бағалау;
- 3) жер участкерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың өтініші бойынша топырақтың құрамында макро-, микроэлементтердің, ауыр металдардың, су сорындысының болуына қосымша зерттеп-қараулар жүргізу;

4) агрохимия саласындағы аспаптар мен зертханалық жабдықтарды, химиялық талдау әдістемелерін байқаудан өткізу, сынақ нәтижелері бойынша қорытындылар беру ;

5) топырақта, өсімдік шаруашылығы өніміне және оның қайта өндөлген өнімдеріне химиялық талдау жүргізу, тыңайтқыштар жүйесін құру, жер участкерлерін пайдалану әдістері мен қағидалары бойынша консультациялық қызметтер көрсету.

3. Көрсетілетін қызметтерді өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерінің тізбесі және ұсынылатын көрсетілетін қызметтердің баға прейскуранты мемлекеттік мекеменің аумағында (үй-жайларында) арнайы бөлінген жерде орналастырылады, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында жарияланады.

4. Мемлекеттік мекеме жеке және занды тұлғалардың (бұдан әрі – өтініш беруші) еркін түрде жасалған жазбаша өтініші негізінде көрсетілетін қызметтерді өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін жүзеге асырады.

5. Өтінішті қабылдауды және тіркеуді мемлекеттік мекеменің жауапты қызметкері жүзеге асырады, мыналарды көрсете отырып, өтініш берушіге өтініштің қабылданғаны туралы қолхат береді:

- 1) өтініштің тіркеу нөмірі мен оның қабылданған күні;
- 2) көрсетілетін қызмет атауы;
- 3) өтінішті қабылдаған мемлекеттік мекеменің жауапты қызметкерінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі.

6. Көрсетілетін қызметтерді өткізу бойынша ақылы қызмет түрлері мемлекеттік мекемеде белгіленген жұмыс режиміне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, күн сайын көрсетіледі.

7. Жеке және занды тұлғалардың қолма қол нысанда жүзеге асырылатын есеп айырысулары мемлекеттік мекеменің кассалары арқылы фискалдық жады бар бақылау-кассалық машиналарды пайдалана отырып және бақылау түбіртегін бере отырып не "Ақылы қызметтердің қолма-қол ақшаны бақылау шоты" мемлекеттік мекемесінің ағымдағы шотына аудару жолымен қолма қол ақшасыз есеп айыру бойынша жүргізіледі.

8. Мемлекеттік мекеменің ақылы қызмет түрлерін жүзеге асырудан алған қаражаты көрсетілетін қызметтерді өткізуден түскен ақшаны есепке алу үшін ашылған шотқа аударылады және Бюджет кодексінің 101-бабының 8-тармағына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бекіткен бюджеттің қазынашылық атқарылуы және оларға кассалық қызмет көрсету рәсімдеріне сәйкес ресімделген және ұсынылған төлемшоты негізінде пайдаланылады.

9. Ақылы қызмет түрлерін жүзеге асырудан түскен қаражат мемлекеттік мекеменің көрсетілетін қызметтерді өткізуден түскен, өз иелігінде қалған ақшаның кіріс және шығыс жоспарларына (бұдан әрі – жоспар) сәйкес жоспарланады және пайдаланылады.

10. Мемлекеттік мекеменің ақылы қызмет тұрларін жүзеге асырудан алған қаражаты мынадай жоспарларға сәйкес пайдаланылады:

- 1) зертханалық зерттеулерді жүргізу;
- 2) техника, ауыл шаруашылығы және зертханалық жабдықтарды, сондай-ақ мемлекеттік мекеменің материалдық-техникалық базасын жарақтандыруға арналған механизмдерді сатып алу;
- 3) ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласындағы ғылыми зерттеулерді жүргізу;
- 4) ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласында ауыл шаруашылығы және зертханалық жұмыстар жүргізу үшін мемлекеттік мекеме тартатын штаттан тыс маусымдық қызметкерлер мен жұмысшылардың көрсететін қызметтері мен жұмысына еңбекақы төлеу;
- 5) тауарлық материалдық құндылықтарды: жанар-жағармайды, химиялық реактивтерді, қосалқы бөлшектерді, байланыс құралдарын, метеорологиялық деректерді, еңбекті қорғауды, өрт қауіпсіздігі мен гигиенаны қамтамасыз ету үшін арнайы қорғану құралдарын, сондай-ақ мемлекеттік мекеменің ағымдағы мақсаттары үшін қажетті заттар мен материалдарды сатып алу;
- 6) көлік, байланыс қызметіне, коммуналдық қызметке, әкімшілік және қойма үй-жайларын жалға алу, көлік құралдарын техникалық байқау және міндетті сақтандыру, мемлекеттік мекеменің мамандандырылған жабдықтарын тексеру бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу;
- 7) жазылым баспаларын, ғылыми, әдістемелік және арнайы әдебиеттерді сатып алу;
- 8) ғылыми және әдістемелік материалдарды, сондай-ақ мемлекеттік мекеменің ресми бюллетендерін шыгару;
- 9) мемлекеттік мекеменің мамандарын даярлау және олардың біліктілігін арттыру;
- 10) ауыл шаруашылығы өндірісіне агрохимиялық қызмет көрсету саласындағы деректерді автоматты түрде өндейтін арнайы бағдарламалық қамтылымды сатып алу және енгізу;
- 11) мемлекеттік мекемеге арналған шетелдік хат-хабарлар мен ғылыми құжаттамаларды аудару үшін аудармашылардың көрсететін қызметтеріне ақы төлеу;
- 12) жарнамалау мен насиҳаттау жөніндегі бұқаралық іс-шараларды өткізу (танап күні, семинарлар, көрмелер, саяхаттар мен презентациялар);
- 13) мемлекеттік мекеменің жұмыс істеуіне байланысты ғимараттарды, құрылышжайларды және өзге де объектілерді жөндеу;
- 14) мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің іссапарлары, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге іссапарлары шығыстары;
- 15) мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін еңбек көрсеткіштері үшін көтермелеге.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК